

Қош бол, аға!

*Асығыстау қоштасты да
өмірмен,
Бір жұлдызым ағып түсті
көгімнен.
...Қорқыт баба қобызы боп
күңіреніп
Тәттімбеттің күйлері боп
төгілген.*

*Дараның да дарасы едің,
ағасы,
Қамқа тонның жағасы едің,
ағасы.
Қадір түні қадірлісін ап
кетіп,
Күңіренеді бар қазақтың
баласы.*

*Тірілердің рухына тұғырсың,
Ертегідей есте қалар
ғұмырсың.
Бар қазақты құшағыңа
сыйғызып,
Ұлтым - деген,
Жұртым - деген бір
ұлсың.*

*Емендердей еңсе тіктер
ірілер,
Еңсе тіктеп мәңгілікке
тірілер.
Қазағыңа қазынаңды
қалдырдың -
Шежіресін іздегенде жүгінер.*

*Үш қиянның өксігенде бұлағы,
Қараөткелдің кемігіндей
бір әні.
Жетісудың жеті өзені егіліп,
Жаңаарқаның жазирасы
жылады.*

*Қалам алып бетбақ жонның
шетінен,
Күңгір-күңгір күмбез іздеп
кетіп ең...
Абыз дала
Аңыз дала перзенті,
Алдыңызды жарық қылсын,
өтінем...*

Қош бол, аға!

Ғалым ЖАЙЛЫБАЙ.

16 қыркүйек. 2009 жыл.

Орталық Қазақстан. - 2009. - 17 қыркүйек (№ 141). - 4 б.